

Ж.Аймауытұлы атындағы негізгі орта мектебі

ҚАРАСТЫРЫЛДІ

Әдістемелік бірлестік
Отырысы
Хаттама № 1
« 29 » 08 2024 жыл
Бахыт Н. Бахыт Н.

КЕЛІСІЛДІ

директордың оқу ісі
жөніндегі орынбаары
Абенова Н.К
« 02 - » 09 2024 жыл



«МАТЕМАТИКА ӘЛЕМІ»

курсының

БАҒДАРЛАМАСЫ

(4 сынып, сағат саны 34)

Құрастырған:
Бастауыш сынып мұғалімі:
Мукушева Б.М.

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

Сабақтан тыс уақытта жұмыстарды жүргізу барысында мұғалім оқушының талап-тілегін, қызығатын мәселелерін жан-жақты қамтуға мүмкіндік табады. Мәтіндік есеп шығару көбінесе қиыншылықтар туғызумен байланысты, әсіресе бала есепті талдауға келгенде қиналады. Сабақ барысында оқушылар әртүрлі таңдамалы арифметикалық сұрақтар, қызықты есептер, логикалық тапсырмалар, жұмбақтар, ребустар, математикалық жаңылтпаштар шешеді.

Қазақстандағы білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан жаңалықтар он екі жылдық білім берудегі оқытуда; әрдайым жекелей зерделеу әдісін қолдану; оқушының қабілеті мен қызығушылығын арттыратындай білім үрдісін ұйымдастыру сияқты талаптарды орындау бастауыш сатысынан басталады. Ендеше, осы бастауыш сыныптан бастап оқушылардың жеке қабілеттерін ашуға, математикаға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Осы орайда математика пәні бойынша логикалық тапсырмалардың, есептердің алатын орны ерекше. Бұл сабақтар оқушының білімге деген сенімін нығайтып, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру бағытында оқушыларға қойылатын талаптарды рәсімдейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының міндеттері мен талаптарын ескере отырып өтеді. Дәстүрден тыс және қызықты тапсырмаларды орындау, құрастыру кезінде пайымдауға, ой қорытуға қалыптасса, ал есептерді шығару барысында зеректікке, қиялдауға, тапқырлыққа, шапшаң есептеуге төселеді. «Жас математик» бағдарламасы оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Оқушының өзіндік ерекшелігі айқындала түседі.

Мақсаты:

- баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту;
- оқушыларға математикалық білім,білік дағдыларын игерту;
- пәнге терең қызығушылығын арттыру;
- оқушының әсерлілік сезімін қалыптастыру;
- оқушының белсенділігін арттыру мақсатында даму деңгейін , танымдық белсенділігін арттыра оқыту;
- зейінін,еске сақтау,байқағыштық,қиялдау,өздігінен білім алуға,ізденуге бейімдеу,өзіндік қабілетін арттыру:
- білімнің сапасын арттыру;
- оқушының логикалық ойлау қабілеттерін және шапшаң есептеу дағдыларын жетілдіре отырып,өздігінен жұмыс жасай алатын жеке тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- оқу-тәрбие үрдісінде алған білімдерін әрі қарай дамытуға мүмкіндік беру;
- өз білімін тереңдету,қабілетін шыңдау;
- баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамыту, оны қоғамда өмір сүруге психологиялық тұрғыдан дайындау;
- әртүрлі жағдайдағы проблемаларды анықтауға,жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалау;
- өзіндік бағалау мен қортынды жасауға, өзінің әрекеті мен оның нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;
- ісіне икемділік танытуға,өз көзқарастарын жалпы қайта қарауға және үнемі өзі қол жеткізуге дайын болу;
- жеке ғана емес, әлеуметтік ойлау қабілетін дамыту;
- оқушының өз бойына деген коммуникативтік әрекеттерінің негізгі түрлерін қалыптастыру;

Күтілетін нәтиже:

- тұлғаның зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау, ауызша және жазбаша, сонымен қатар математика тілінде сөйлеу,психомоторика тәрізді функционалдық қасиеттерін дамыту; көрнекі-бейнелі және логикалық ойлауын дамыту;
- бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық қызметін (жоспарлау, жоспар бойынша әртүрлі іс-әрекеттер жасау,оның ішінде ойлау қызметін (талдау,зерттеу,жалпылау,модельдеу және т.б.),өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалауды жүргізу біліктігін қалыптастыру;
- оқытуды білімнің келесі деңгейлерінде жалғастыру үшін оқушыға қажетті математикалық білім мен білікті,есептеу,өлшеу және графиктік дағдыны қалыптастыру;алгебра мен геометрияны игеруге алдын ала мақсатты дайындықты жүргізу;
- оқуға деген ынтасы мен жігерін,математикаға деген оң көзқарасы мен қызығушылығын,танымдық қызығушылығын, өздігінен жұмыс атқару дағдысын қалыптастыру;
- стандартты емес және қызықтылық сипаттағы тапсырмалар негізінде жобалау қызметі және өмірлік жағдайлардағы мәселелерді шешу арқылы математикалық және шығармашылық қабілеттерін ашу және дамыту;

Пікір

Білім берудің бүгінгі күнгі талабы - оқушының жан - жақты іс-әрекеттік қабілетінің дамуы. Ежелгі замандардан бері өскелең ұрпақтың дамуында математиканың алар орны ерекше. Математика ғылымының өзге ғылымдар мен техниканың қарқынды дамуына қосар үлесі аз болған жоқ. Математика — барлық ғылымдардың логикалық негізі болғандықтан да, математика оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шындай түседі, оған қоса өзге салаларды дұрыс қабылдауға көмек береді.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әзірленген «Математика әлемі» таңдау курсының бағдарламасы педагогиканың түрлі аспектілері: қарым-қатынас жасау, белсенді оқу, зерттеуге негізделген оқуды негізге ала отырып әзірленген. Аталған аспектілер сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Бұл бағдарламаны жазуда бала дамуының ең жақын аймағына сүйену керектігін ескердік. Нақты жаттығуларды орындау барысында дамыта оқыту идеясымен үйлесетін жаңа технологияны қолдануды мақсат тұттық. Баланың ой-өрісін дамытатын логикалық есептер шығаруға, қалжың есептерді талдауға, викториналық сұрақтарға, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын математикалық сандық ребустарға, қиынырақ есептерге уақыттың бөлінгені де дұрыс деп ойлаймыз.

Бағдарлама жаңартылған білім беру мазмұнының басты қағидаты - спиральділік негізінде құрылды, оның негізгі ерекшелігі:

- оқушы мектептегі оқу үдерісінің барлық кезеңінде тақырыпты немесе тапсырмаларды бірнеше рет қайталап оқиды;
- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе тапсырманың күрделілігі арта түседі;
- жаңа тақырыпты өту алдыңғы тақырыптармен тығыз байланысты және алдыңғы алынған ақпараттың мазмұны аясында қарастырылады.

Бағдарламаның негізгі басымдықтары:

- оқушы қайталап оқыған сайын ақпарат бекітіліп отырады;
- жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- оқушыларға бұрын алған білімін оқу мақсатына жетуде жетістіктерге қол жеткізу үшін қолдану ұсынылады.

Сонымен қатар, бағдарлама:

- оқушылардың білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктерін дамыту талаптарына сәйкес;
 - оқушылардың жас ерекшеліктеріне және мүмкіндік өрісіне сай әзірленген;
- Сол себепті автор бастауыш сынып мұғалімі Мукушева Бағдат Мотаевна жетекшілігімен жүргізілген «Математика әлемі» атты қосымша курс бағдарламасы оқушылардың тұлғалық ерекшелігін қалыптастырады.

Пікір білдіруші:

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тірек мектебінің
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
Абсатова Данагуль Абаевна

Төры:
«Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы негізгі орта мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі
Мукушева Б.М.

Пікір жазушы:

Абсатова Данагуль Абаевна «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тірек мектебі» Ресурстық орталағының
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

----- Бахыт Нүрия Ерсенқызы
«Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы негізгі орта мектебі» КММ-нің әдістемелік кеңесімен ұсынылады

Хаттама ----- «-----» ----- 2024 жыл

Хатшы -----

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Барлығы 34 сағат 4 сынып

№	Тақырыбы	Сағ. саны	Уақыты	Қосымша материалдар	Күтілетін нәтиже
1.	Кіріспе Математика ілімі	1	05.09	Есептер мен жаттығулар жинағы	Ұлы математиктер туралы мәлімет алады
2.	Арифметикалық амалдар	1	12.09	«Есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы»	Арифметикалық амалдарды орындай алады
3.	Геометриялық конструктор	1	19.09	«Математикадан қызықты есептер» Карсакбаева Б.И., Есказиева Д.Е.- 2016 жыл	Геометриялық қиындылардан фигуралар құрастыра алады, қиындықты анықтайды, қайталайды, қорытындылайды.
4-5	Математикалық қызықты есептер	2	29.09 03.10	Л.Л Глазырина «Есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы»	Логикалық есептердің шығару жолдарын үйренеді.
6-7	Разрядтар мен кластар	2	10.10 17.10	«Қызықты математика» Ақпаева Ө.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж.	Оқушылар мыңдық класының разрядтарын біледі, мыңдықтармен санауды үйренеді.
8	Арифметикалық шытырман	1	24.10	Бақылау және тексеру жұмыстары	Кестелік және ауызша қосу мен азайтуға қатысты білімдері мен дағдыларындағы қиындықтарды анықтайды, түзетілуін көрсетеді, қайталайды, қорытындылайды.
9-10	Көп таңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру	2	07.11	«Есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы»	Оқушылар сандардың ондық құрамы негізінде көп таңбалы сандарды ауызша қосу, азайту тәсілдерінің алгоритмін біледі.
11	Қызықты калькулятор	1	14.11	Бақылау және тексеру жұмыстары	Оқушылар сандардың ондық құрамы негізінде көп таңбалы сандарды ауызша қосу, азайту тәсілдерінің алгоритмін біледі.
12-13	Көп таңбалы сандарды қосу, азайту	2	21.11 28.11	Есептер мен жаттығулар жинағы	Оқушылар сандардың ондық құрамы негізінде көп таңбалы сандарды ауызша қосу, азайту тәсілдерінің алгоритмін біледі.
14	Данышпан есеп шығарғыш	1	05.12	«Математикадан қызықты есептер» Карсакбаева Б.И., Есказиева Д.Е.- 2016 жыл	Оқушылар сандардың ондық құрамы негізінде көп таңбалы сандарды ауызша қосу, азайту тәсілдерінің алгоритмін біледі.
15	Математикалық зияткерлік ойын	1	12.12	«Қызықты математика» Ақпаева Ө.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж.	Ауызша және жазбаша көбейту мен бөлудің өтілген түрлерінің алгоритмін қолдана алу дағдыларын бақылауды жүзеге асырады.

16-17	Көп таңбалы сандарды жазбаша қосу, азайту	2	19-26.12	«Есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы»	Оқушылар бөлімдінің разрядтарының бірі нөл болғандағы екітаңбалы санға жазбаша қосу, азайту алгоритмін біледі.
18	Сикырлы дамино	1	09.01	Л.Л Глазырина «Есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы	Ауызша және жазбаша көбейту мен бөлудің өтілген түрлерінің алгоритмін қолдана алу дағдыларын бақылауды жүзеге асырады.
19-20	Жылдамдық. Уақыт. Қашықтық.	2	16-23.01	Бақылау және тексеру жұмыстары	«Жылдамдық. Уақыт. Қашықтық.» туралы ұғымдарын қайталайды, шамалармен қатысты жай есептерді шығару дағдыларын қорытындылайды.
21	Жасырын санды тап	1	30.01	«Математикадан қызықты есептер» Карсакбаева Б.И., Есказиева Д.Е. - 2016 жыл	Ауызша және жазбаша көбейту мен бөлудің өтілген түрлерінің алгоритмін қолдана алу дағдыларын бақылауды жүзеге асырады.
22	Есепті теңдеу құру арқылы шығару	1	06.02	Бақылау және тексеру жұмыстары	Есепті теңдеу құру арқылы шығарудың жолдарын меңгереді.
23-24	Шеңбермен ойын (радиус, диаметр)	2	13-20.02	Бақылау және тексеру жұмыстары	Логикалық есептердің шығару жолдарын үйренеді
25	Жұмыс. Өнімділік. Уақыт.	1	27.02	«Есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы»	«Жұмыс. Уақыт. Өнімділік.» туралы ұғымдарын қайталайды, шамалармен қатысты жай есептерді шығару дағдыларын қорытындылайды.
26	Шығармашылыққа берілген есептер	1	06.03	«Қызықты математика» Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж.	Логикалық есептердің шығару жолдарын үйренеді
27	Арифметикалық амалдардың қасиеттері	1	13.03	Бақылау және тексеру жұмыстары	Кестелік және ауызша қосу мен азайтуға қатысты білімдері мен дағдыларындағы қиындықтарды анықтайды, түзетілуін көрсетеді, қайталайды, қорытындылайды
28	Мүмкіндіктер тармағы	1	20.03	Есептер мен жаттығулар жинағы	Оқушылар үлестермен және соған сәйкес есеп түрлерімен байланысты білім, біліктеріндегі жеке қиындықтарды анықтайды, қайталайды, түзету жұмыстарын жүргізеді.
29	Үлестер мен бөлшектер	1	03.04	«Математикадан қызықты есептер» Карсакбаева Б.И., Есказиева Д.Е. - 2016 жыл	Оқушылар үлестермен және соған сәйкес есеп түрлерімен байланысты білім, біліктеріндегі жеке қиындықтарды анықтайды,

					қайталайды, түзету жұмыстарын жүргізеді.
30	Шама және оның өлшем бірліктері	1	10.04	Л.Л Глазырина «Есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы	Оқушылар шамалар, шамаларбірліктерін өрнектеу және оларға амалдар қолданумен байланысты білім, біліктеріндегі жеке қиындықтарды анықтайды.
31	Шамаларды түрлендіру	1	17.04	«Қызықты математика» Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж.	Оқушылар шамалар, шамаларбірліктерін өрнектеу және оларға амалдар қолданумен байланысты білім, біліктеріндегі жеке қиындықтарды анықтайды, қайталайды, түзету жұмыстарын жүргізеді
32	Қызықты әзіл есептер мен тапсырмалар	2	24.04-01.05	«Математикадан қызықты есептер» Карсакбаева Б.И., Есказиева Д.Е.- 2016 жыл	Ауызша және жазбаша көбейту мен бөлудің өтілген түрлерінің алгоритмін қолдана алу дағдыларын бақылауды жүзеге асырады.
33	Тапқыр болсаі тауып көр	2	08-15.05	«Есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы»	Тіктөртбұрыштың ауданы мен периметрін табудағы қиындықты анықтайды, қайталайды, қорытындылайды.
34	Математикалық кеш	1	22.05	Есептер мен жаттығулар жинағы	Ауызша және жазбаша көбейту мен бөлудің өтілген түрлерінің алгоритмін қолдана алу дағдыларын бақылауды жүзеге асырады.